

Ақмола облысы  
Жарқайың ауданы  
Гастелло орта мектебі



Тарих пәнінің мұғалімі:

Нұрмағамбетова  
Данагүл Манарбекқызы



## Әдістемелік тақырыбым:

“Оқушылар бойына жаңа әлеуметтік – экономикалық тұрғысында тарихи және құқықтық білім негіздеу”

## Мақсатым:

“Оқыту мен тәрбиелеу барысында оқушылардың сана – сезімін, ұлттық озық дәстүрді қалыптастырып, жас ұрпақтың білім дәрежесін арттыру, оқу тәрбие жұмысын, жаңа биікке көтеру”



# Баяндама

*«Тарих сабағында жеке  
тұлғаның шығармашылық  
қабілетін дамыту  
жолдары»*





**“Жаман мұғалім ақиқатты  
өзі айтып береді, ал жақсы  
мұғалім оқушының өзін  
ізденуге жетелейді”**



**Ұлы ойшыл, қытай философы  
Конфуциидің «Естігенімді –  
ұмытамын, көргенімді есте  
сақтаймын, ал өз ақыл -  
ойыммен істеген ісімді  
түсінемін» деген даналық  
сөздерін үлгі етемін**

Орыс тарихшысы В.О. Ключевскийдің: «Мұғалімге сөз өз ойын сапырылыстырып айту үшін берілмейді, басқаның ойына қозғау салу үшін беріледі» дегендей, сабақ үрдісінде түрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын.

**Пікір – сайыс технологиясы  
- оқытудың ұлттық жаңа  
үлгісі.**



**Тарих пәні мұғалімдерінің міндеті –**  
мәдениетті түрде білімді, іскер, жеке  
тұлғаны дамыту, ұлтымыздың рухын  
көтеру, осы мақсатқа жететіндей тиімді  
жол іздеу. Педагогикалық психология  
бойынша оқушының мәдениетін білім,  
білік, дағды арқылы дамыту.





**сабақта халықтық педагогиканы  
пайдалану үшін әдет-ғұрып, салт-  
дәстүр және мақал-мәтел секілді үш  
бағыт бойынша сабақты өткізудің  
жаңа әдістерін жетілдіре түсуге  
болады:**

**Біріншіден, дәстүрлі емес сабақтарды өту арқылы оқушылардың ой толғауын, білімін, қабілетін кеңейтуге болады. Білімді даяр күйінде бермей, оқушылардың алдына белгілі бір мәселені міндет етіп қойып, оны олар халқымыздың озық салт-дәстүрін пайдалана отырып ізденіп шешуі тиіс. Бұл арқылы олар проблемалық жағдай туған кезде оны дұрыс шеше білу тәсілдерін үйренеді. Мұның нәтижесінде өз бетінше өмір сүре алатын шығармашыл азаматтар тәрбиелейміз.**

Екіншіден, оқушыларға қазіргі заман талабына сай жоғары дәрежеде сапалы білім мен тәрбие беруде халықтық педагогиканы пайдаланып оқыту – бүгінгі күн талабы. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруды басты назарда ұстаймын. Ол үшін бала өзінің бұған дейін білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға жетуі керек. Содан кейін барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Үшіншіден, қазіргі таңдағы талаптарға сай білімді, әсіресе білгенін өмірде пайдалана білетін жастарды тәрбиелеу мақсатында оқытудың жаңа әдістерінің ішіндегі ең маңыздысының бірі – ынтымақтастықта оқыту технологиясына ұлттық педагогиканы енгізу.



**1. Абылайдың балалық шағы,  
ата тегі.**

**2. Жоңғар шапқыншылығы  
кезіндегі батырлар.**

**3. Үш жүздің ханы – Абылай**

**Әбілмансұр**



**Сабалақ**



**Абылай**

# Абылай

```
graph TD; A[Абылай] --> B[батыр]; A --> C[шешен]; A --> D[қоғам қайраткері];
```

батыр

шешен

қоғам қайраткері



# Абылай




саясаткер

үш жүздің ханы

ұлы тұлға

**Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Ғасырлар  
мақсаты – қоғамның нарықтық  
қарым-қатынасқа көшу кезінде  
саяси-экономикалық және рухани  
дағдарыстарды жеңіп шыға  
алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды  
құрушы, іскер, өмірге икемделген,  
жан-жақты мәдениетті жеке  
тұлғаны қалыптастыру»**



A decorative frame with pink roses and green leaves. The frame is white with a gold-colored border. The roses are in various stages of bloom, and the leaves are vibrant green. The text is centered within the frame.

**Назарларыңызға рахмет!**